

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Есназар Асель Жаңабергенқызының «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдана білу, білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына сын тұрғысынан ойлай алатын, коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу сияқты кең ауқымды дағдылар» деп көрсетілген. Білім беру стандартындағы көрсетілген дағдылар теориялық ойлауы жетілген, тілдік біліктерді игерген, пәндік білімді меңгерген бастауыш сынып оқушы тұлғасының үйлесімді дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бұған сәйкес, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды болады» деп міндеттейді. Аталған міндеттер өз кезегінде бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыруды көздейді. Ендеше, оқу үдерісіндегі пәнаралық байланыс оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құралы бола алады. Сондықтан қазіргі таңда пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қоғамның қажеттілігінен туындап отырған талап болғандықтан А.Ж.Есназардың «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, зерттеудің негізгі тұжырымдары келтірілген қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертант диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- бастауыш білім беру жүйесінде пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды;
- пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалды;
- пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың

құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы жасалды, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы әзірленді, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жүйеленді.

Зерттеу мәселесін алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалынып, сондай-ақ, өзектілігін анықтау шаралары нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларымен пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. «Пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарын мәнін талдауда философиялық, психологиялық және педагогикалық астарлары зерделеніп, құрылымдық мәні жағынан сараланып, тиісті сипаттамаларын берумен қоса, хронологиялық дамуды негізге ала отырып, ұғымдардың мәні нақтыланып, ғылыми қорындағы жетістіктер негізінде сипаттама берілуі арқылы дәлелденген. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі қамтамасыз етілген. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық модельде қарастырып отырған мәселе бойынша мотивациялық, танымдық, нәтижелік компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның өте жоғары, жоғары, орташа, төмен, өте төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік кешен әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелденді.

Диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 7 еңбек жарық көрген. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала алыс шетелдерде өткізілген және ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық, халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдарында жарық көрді.

Есназар Асель Жаңабергенқызы 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға

қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын. Есназар Асель Жаңабергенқызының 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
п.ғ.д., профессор



А.Жапбаров